한국어(e-book)

Language

А с ы л балаларымыздың күнделікті өміріне қамқорлық жасайтын



# Э-бала бақытын қолдау жобасы

Әр баланың
жақсы өмір сүріп, қажетті қызметтерді алып жатқандығын
бақылап, балалармен байланыс орнатамыз.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігі

SSiS Кореяның Әлеуметтік қамсыздандыру ақпараттық қызметі

## Электронды бала бақытын қолдау жобасы дегеніміз не?

Бұл әлеуметтік қамсыздандырудың үлкен деректерінің 44 түрін пайдалана отырып, әл-ауқат қызметтерін қажет ететін отбасын аралау, балалар мен ата-аналардың қажеттіліктерін қадағалап, тәрбиелік ортасын тексеру, содан кейін тиісті әл-ауқат қызметтерін ұсыну үшін бейімделген әлеуметтік қызмет көрсету жобасы.

**Қатысты нұсқамалар**

«Балаларды қорғау туралы» Заңның 15 бабы, 4-тармағы, 66-бабы
«Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заңның 9 бабы 2-тармағы , 11-бап, 12-бап, 14-бап.

## Мақсатты нысан кім?

18 жасқа дейінгі балалар.

## Отбасыны кім аралайды?

Жергілікті қызмет ету орталығының балалар әл-ауқатына немесе бейімделген қызмет көрсетуге жауапты лауазымды адам аралайды.

## Отбасыны аралау уақыты қашан?

Электрондық бала бақытын қолдау жобасы тоқсан сайын жүзеге асырылады және отбасыны аралау сол уақытта жоспарланады.
1 кезең (қаңтар-наурыз), 2 кезең (сәуір-маусым),
3 кезең (шілде-қыркүйек), 4 кезең (қазан-желтоқсан)

* 4-ші кезеңде(қазан) нерестеден сәбиге өту кезеңіндегі 3 жастағы балалар ішінде Кореяда тұратын, үйде тәрбиеленіп жатқан балаларға байланысты толық зерттеу жүргізіледі.

**3 жастағы сәбидің толық зерттелуі дегеніміз не?**

«Ерте жастағы балаларды оқыту туралы» Заңына сәйкес, 3 жаста балалар нерестеден сәби кезеңіне өтіп, әртүрлі бұлшықеттері дамып, тіл дағдылары да жетілдіріледі. 3 жасқа дейінгі нерестелерді толық зерттеу - бұл балалардың тұратын жері мен қауіпсіздігін қадағалап, тәрбиелеу ортасын жақсарту үшін қажетті қызметтерді көрсететін саясат.

## Отбасыларды аралауымыздың себебі не?

Біз балалармен және қамқоршылармен кеңесу арқылы отбасыларды аралау үшін қажет бейімделген әлеуметтік қызметтерді (тұрғын үй, тәрбиелеу ортасы, білім беру және т.б.) ұсыну үшін барамыз.

## Тәртібі қандай?

**Жоба жайлы ақпарат және аралау уақытын үйлестіру** (сымды байланыс)

▼

**Отбасын аралау** (бетпе-бет)

▼

**Балаға және қамқоршыға кеңес беру**

▼

**Қажетті әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету**





## «Э-бала бақытын қолдау» жобасы арқылы әлеуметтік қызметтерді қолдау мысалы

### Мысал 1 Тіл дамытуды емдеуге қолдау көрсету

Әкесі, әжесі және тәтесімен бірге 12 пхён болатын виллада тұратын Шинхэ (6 жаста, есімі өзгертілді) құрдастарына қарағанда тілінің дамуы кешігетіні байқалынды. Шинхэнің отбасын аралау және электронды бала бақытын қолдау жобасы арқылы жүргізген кеңес беру нәтижесінде Шинхэге тиісті қолдау қажет екені анықталды және ол «Дрим Старт Тим» әлеуметтік қызмет көрсету жобасымен бірге өткізілетін қызметтермен қамтамасыз етілді. Шинхэ қазір логопед қызметі сияқты әлеуметтік қызметтерді алып жүр және тұрғын жағдайы көмегі арқылы үлкенірек үйге көшуге мүмкіндік алды.

### Мысал 2 Ахуалы әлсіз отбасының тұрмыстық шығындарын қолдау

Чонхва (41 жаста, есімі өзгертілді) төрт баланы жалғыз тәрбиелейді. Қаржылық жағынан қиналған Чонхваның отбасы үш айдан астам уақыт бойы медициналық сақтандыру жарналарын төлей алмады.
«Электрондық бала бақытын қолдау» жобасы арқылы отбасын аралау және кеңес беру нәтижесінде қаржылық ауыртпалықты жеңілдету үшін қолдау қажет екендігі анықталды, сондықтан қаржылық ауыртпалықты жеңілдету үшін әлеуметтік және тұрмыстық шығындары қамтамасыз етілді.

### Мысал 3 Эмоциялық дамуды қолдау

Чонхун (9 жаста, есімі өзгертілді) заттарды лақтыру және ашулану сияқты қатыгез мінез-құлықты жиі көрсетеді. Жергілікті қызмет ету орталығының қызметкері «Э-бала бақытын қолдау» жобасы арқылы отбасын аралап, кеңес берді және Чонхунның эмоционалдық мәселелерін шешу үшін ойын терапиясын қолдау жобасы мен Дрим Старт Тим командасын байланыстыру арқылы ананың тәрбиелік дағдыларын жақсартуға көмектесті.

### Мысал 4 Когнитивті дамуды қолдау

Йевон (10 жаста, есімі өзгертілді) Э-лектронды бала бақытын қолдау жобасы арқылы когнитивті даму мәселелеріне байланысты мектепте оқу кезінде және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болғаны байқалды. Йевонға теңшелген қызметтерді көрсету үшін жауапты мемлекеттік қызметкер бастауыш мектептің клиникалық орталығымен байланыстырып, оқуға кеңес беру, оқытушыны тағайындау арқылы негізгі оқу дағдыларын қалыптастыра алды.

### Мысал 5 Емдеу шығындарын қолдау және жұмыспен қамту жүйесімен байланыс

Юнсо (2 жаста, есімі өзгертілді) туа біткен жүрек ақауы бар және арнайы қоспаны ішу керек, сондықтан тек қоспа ғана айына 500,000 вон тұрады. Коронавирустың кесірінен кенеттен жұмысынан айырылған Юнсоның ата-анасы қаржылық ауыртпалыққа тап болды және Юнсоның медициналық шығындарына ақша жинау қиын болды. Тиісінше, қызмет ету орталығының қызметкері қайырымдылық қорларынан демеушілік сұрау арқылы арнайы қоспа мен емдік шығындарға ақша жинап, және Юнсоның ата-анасын мемлекеттік жұмыспен қамту орталығымен байланыстыру арқылы қайта жұмысқа орналасу мүмкіндігін берді.

## Э-бала бақытын қолдау



жобасы айналамыздағы мұқтаж балалар мен отбасыларға бақытты өмір сүруге көмектесу үшін бейімделген әлеуметтік қызметтерді ұсынады.

## Егер көршіңіз көмекке мұқтаж болса, дереу хабарласыңыз



- Жаныңыздағы жергілікті қызмет ету орталығына
- Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау орталығы 129
  Жергілікті азаматтық шағымдар бойынша кеңес беру орталығы 120
- Әлеуметтікқамсыздандыру бойынша (www.bokjiro.go.kr) сайты немесе телефон қосымшасы

## Бала тәрбиесіне қолдау көрсету сайты

| Tashkilot | URL | Asosiy tarkib |
|---|---|---|
| БОКДЖИРО | bokjiro.go.kr (129) | Әр түрлі әл-ауқат туралы ақпарат, бала күтімі үшін ақы, сәбидің оқуы және бала күтімі бойынша жәрдемақыға өтініш беру |
| Жүктілік және бала күтіміне арналған «бала махаббаты жан-жақты порталы» | childcare.go.kr (1566-3232) | Жүктілік және бала күтімі туралы ақпарат, мамандардан кеңес алу, балабақшаларды пайдалану және т.б. |
| Орталық балаларды қолдау орталығы | central.childcare.go.kr | Сәбиге күтім жасауды қолдау |
| Бірлескен қамқорлық орталығы | dadol.or.kr | Бастауыш сынып балаларына арналған мектептен кейінгі күтім қызметі |
| Жергілікті балалар орталығы арқылы қолдау көрсету | icareinfo.go.kr | Қоғамдық мектептен кейінгі күтім |
| FamilyNet отбасы орталығы | familynet.or.kr (1577-9337) | Отбасын қолдау, оның ішінде отбасылық білім беру және отбасылық кеңес беру |
| Бала бағу қызметі | idolbom.go.kr | Отбасы үйінде бала бағу қызметі |
| Данури көп мәдениетті отбасын қолдау порталы | liveinkorea.kr (1577-1366) | Көп мәдениетті отбасыларға кеңес беру, білім беру, бағдарлама туралы ақпарат және т.б. |
| Дрим Старт | dreamstart.go.kr | Әлеуметтік осал топтардағы балаларға бейімделген интеграцияланған қызметтерді ұсыну |

## Отбасыларды аралауымыздың себебі не?

Біз балалармен және қамқоршылармен кеңесу арқылы отбасыларды аралау үшін қажет бейімделген әлеуметтік қызметтерді (тұрғын үй, тәрбиелеу ортасы, білім беру және т.б.) ұсыну үшін барамыз.

## Тәртібі қандай?

**Жоба жайлы ақпарат және аралау уақытын үйлестіру** (сымды байланыс)

▼

**Отбасын аралау** (бетпе-бет)

▼

**Балаға және қамқоршыға кеңес беру**

▼

**Қажетті әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету**



## Электронды бала бақытын қолдау жобасы дегеніміз не?

Бұл әлеуметтік қамсыздандырудың үлкен деректерінің 44 түрін пайдалана отырып, әл-ауқат қызметтерін қажет ететін отбасын аралау, балалар мен ата-аналардың қажеттіліктерін қадағалап, тәрбиелік ортасын тексеру, содан кейін тиісті әл-ауқат қызметтерін ұсыну үшін бейімделген әлеуметтік қызмет көрсету жобасы.

**Қатысты нұсқамалар**

«Балаларды қорғау туралы» Заңның 15 бабы, 4-тармағы, 66-бабы
«Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заңның 9 бабы 2-тармағы , 11-бап, 12-бап, 14-бап.

## Мақсатты нысан кім?

18 жасқа дейінгі балалар.

## Отбасыны кім аралайды?

Жергілікті қызмет ету орталығының балалар әл-ауқатына немесе бейімделген қызмет көрсетуге жауапты лауазымды адам аралайды.

## Отбасыны аралау уақыты қашан?

Электрондық бала бақытын қолдау жобасы тоқсан сайын жүзеге асырылады және отбасыны аралау сол уақытта жоспарланады.
1 кезең (қаңтар-наурыз), 2 кезең (сәуір-маусым),
3 кезең (шілде-қыркүйек), 4 кезең (қазан-желтоқсан)

* 4-ші кезеңде(қазан) нәрестеден сәбиге өту кезеңіндегі 3 жастағы балалар ішінде Кореяда тұратын, үйде тәрбиеленіп жатқан балаларға байланысты толық зерттеу жүргізіледі.

**3 жастағы сәбидің толық зерттелуі дегеніміз не?**

«Ерте жастағы балаларды оқыту туралы» Заңына сәйкес, 3 жаста балалар нәрестеден сәби кезеңіне өтіп, әртүрлі бұлшықеттері дамып, тіл дағдылары да жетілдіріледі. 3 жасқа дейінгі нәрестелерді толық зерттеу - бұл балалардың тұратын жері мен қауіпсіздігін қадағалап, тәрбиелеу ортасын жақсарту үшін қажетті қызметтерді көрсететін саясат.

한국어(e-book)

Асыл балаларымыздың күнделікті өміріне қамқорлық жасайтын

Language

# Э-бала бақытын қолдау жобасы

Әр баланың
жақсы өмір сүріп, қажетті қызметтерді алып жатқандығын
бақылап, балалармен байланыс орнатамыз.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігі

Кореяның Әлеуметтік қамсыздандыру ақпараттық қызметі



## «Э–бала бақытын қолдау» жобасы арқылы әлеуметтік қызметтерді қолдау мысалы

### Мысал 1 Тіл дамытуды емдеуге қолдау көрсету

Әкесі, әжесі және тәтесімен бірге 12 пхён болатын виллада тұратын Шинхэ (6 жаста, есімі өзгертілді) құрдастарына қарағанда тілінің дамуы кешігетіні байқалынды. Шинхэнің отбасын аралау және электронды бала бақытын қолдау жобасы арқылы жүргізген кеңес беру нәтижесінде Шинхэге тиісті қолдау қажет екені анықталды және ол «Дрим Старт Тим» әлеуметтік қызмет көрсету жобасымен бірге өткізілетін қызметтермен қамтамасыз етілді. Шинхэ қазір логопед қызметі сияқты әлеуметтік қызметтерді алып жүр және тұрғын жағдайы көмегі арқылы үлкенірек үйге көшуге мүмкіндік алды.

### Мысал 2 Ахуалы әлсіз отбасының тұрмыстық шығындарын қолдау

Чонхва (41 жаста, есімі өзгертілді) төрт баланы жалғыз тәрбиелейді. Қаржылық жағынан қиналған Чонхваның отбасы үш айдан астам уақыт бойы медициналық сақтандыру жарналарын төлей алмады.
«Электрондық бала бақытын қолдау» жобасы арқылы отбасын аралау және кеңес беру нәтижесінде қаржылық ауыртпалықты жеңілдету үшін қолдау қажет екендігі анықталды, сондықтан қаржылық ауыртпалықты жеңілдету үшін әлеуметтік және тұрмыстық шығындары қамтамасыз етілді.

### Мысал 3 Эмоциялық дамуды қолдау

Чонхун (9 жаста, есімі өзгертілді) заттарды лақтыру және ашулану сияқты қатыгез мінез-құлықты жиі көрсетеді. Жергілікті қызмет ету орталығының қызметкері «Э-бала бақытын қолдау» жобасы арқылы отбасын аралап, кеңес берді және Чонхунның эмоционалдық мәселелерін шешу үшін ойын терапиясын қолдау жобасы мен Дрим Старт Тим командасын байланыстыру арқылы ананың тәрбиелік дағдыларын жақсартуға көмектесті.

### Мысал 4 Когнитивті дамуды қолдау

Йевон (10 жаста, есімі өзгертілді) Э-лектронды бала бақытын қолдау жобасы арқылы когнитивті даму мәселелеріне байланысты мектепте оқу кезінде және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болғаны байқалды. Йевонға теңшелген қызметтерді көрсету үшін жауапты мемлекеттік қызметкер бастауыш мектептің клиникалық орталығымен байланыстырып, оқуға кеңес беру, оқытушыны тағайындау арқылы негізгі оқу дағдыларын қалыптастыра алды.

### Мысал 5 Емдеу шығындарын қолдау және жұмыспен қамту жүйесімен байланыс

Юнсо (2 жаста, есімі өзгертілді) туа біткен жүрек ақауы бар және арнайы қоспаны ішу керек, сондықтан тек қоспа ғана айына 500,000 вон тұрады. Коронавирустың кесірінен кенеттен жұмысынан айырылған Юнсоның ата-анасы қаржылық ауыртпалыққа тап болды және Юнсоның медициналық шығындарына ақша жинау қиын болды. Тиісінше, қызмет ету орталығының қызметкері қайырымдылық қорларынан демеушілік сұрау арқылы арнайы қоспа мен емдік шығындарға ақша жинап, және Юнсоның ата-анасын мемлекеттік жұмыспен қамту орталығымен байланыстыру арқылы қайта жұмысқа орналасу мүмкіндігін берді.

## Э–бала бақытын қолдау



жобасы айналамыздағы мұқтаж балалар мен отбасыларға бақытты өмір сүруге көмектесу үшін бейімделген әлеуметтік қызметтерді ұсынады.

## Егер көршіңіз көмекке мұқтаж болса, дереу хабарласыңыз



Жанындағы жергілікті қызмет ету орталығына

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау орталығы 129
Жергілікті азаматтық шағымдар бойынша кеңес беру орталығы 120

Әлеуметтікқамсыздандыру бойынша (www.bokjiro.go.kr) сайты немесе телефон қосымшасы

## Бала тәрбиесіне қолдау көрсету сайты

| Tashkilot | URL | Asosiy tarkib |
|---|---|---|
| БОКДЖИРО | bokjiro.go.kr (129) | Әр түрлі әл–ауқат туралы ақпарат, бала күтімі үшін ақы, сәбидің оқуы және бала күтімі бойынша жәрдемақыға өтініш беру |
| Жүктілік және бала күтіміне арналған «бала махаббаты жан–жақты порталы» | childcare.go.kr (1566–3232) | Жүктілік және бала күтімі туралы ақпарат, мамандардан кеңес алу, балабақшаларды пайдалану және т.б. |
| Орталық балаларды қолдау орталығы | central.childcare.go.kr | Сәбиге күтім жасауды қолдау |
| Бірлескен қамқорлық орталығы | dadol.or.kr | Бастауыш сынып балаларына арналған мектептен кейінгі күтім қызметі |
| Жергілікті балалар орталығы арқылы қолдау көрсету | icareinfo.go.kr | Қоғамдық мектептен кейінгі күтім |
| FamilyNet отбасы орталығы | familynet.or.kr (1577–9337) | Отбасын қолдау, оның ішінде отбасылық білім беру және отбасылық кеңес беру |
| Бала бағу қызметі | idolbom.go.kr | Отбасы үйінде бала бағу қызметі |
| Данури көп мәдениетті отбасын қолдау порталы | liveinkorea.kr (1577–1366) | Көп мәдениетті отбасыларға кеңес беру, білім беру, бағдарлама туралы ақпарат және т.б. |
| Дрим Старт | dreamstart.go.kr | Әлеуметтік осал топтардағы балаларға бейімделген интеграцияланған қызметтерді ұсыну |